

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Ахмедьярова А.Е.

Туркестан қаласының жылу және газ желілері

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институті

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд,ассоц.проф.

 Алимова К.К.

«20» 05 2019ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Туркестан қаласының жылу және газ желілері»

Мамандығы: 5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Ахмедьярова А.Е.

Жетекші

техн.ғыл.канд.,асс.проф.

 К.М.Нурпеисова

«20» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.қанд., ассоц. проф.

 Алимова К.К.

«11» 02 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ахмедьярова Анель Ерболатқызы

Тақырыбы: «Түркістан қаласының жылу және газ желілері».

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан №1210-б бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Нысанның орналасқан орны:
Қаланың жылытумен және газ тұтыну қабілеттілігі 36722 кДж/м³ болса
оның тығыздығы 0,82 кг/м³ болады.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім: Тұрғындардың санын есептеу. Жылу желілері мен газбен
жабдықтау жүйесі. Жылу желілері мен газ құбырларының гидравликалық
есебі;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Жоғары қысымды
жылу желілері мен газ құбырларын төсеу және монтаждау жұмыстарының
өндірісін жобалау. Жер жұмыстары. Дайындық жұмыстары.

в) Экономика бөлімі: Жоғары және төменгі қысымды сақиналы тораптың
жылумен, газбен жабдықтау жүйесінің екі нұсқасы.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)




1) Қала ауданының басты жоспары; 2) Жылу желілерінің гидравликалық
сұлбасы. 3) Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы; 4) Жылу желілерінің
пьезометрлік графигі; 5) Төменгі және орташа қысымдағы газ желілерінің
сұлбасы; 6) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясының сұлбалары;


Ұсынылатын негізгі әдебиет 18 атаудан

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	11.02.19 – 29.03.19	
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	1.04.19 – 19.04.19	
Экономика бөлімі	22.04.19 – 30.04.19	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол ойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	08.05.19	
Экономика	К.М. Нурпеисова техн. ғыл. канд., асс. проф	15.05.19	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., лектор	20.05.19	

Жетекшісі  К.М. Нурпеисова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А.Е. Ахмедьярова

Күні «11» 02 2019ж.

АНДАТПА

Түркістан қаласының жылу және газ желілері» жобасында аймақ үшін социалды – техникалық мәселелерді шешеді. Қала ауданына жылумен қамту және газбен жабдықтау жүйелері таңдалды, сонымен қатар тұтынушылар пайдаланатын жылумен және газдың жылдық сағаттық шығындары толық анықталды. Төменгі, орташа, жоғары жылу желілеріне және газ желілеріне гидравликалық есептеулер толық орындалды.

Жылумен, газ реттеу орны технологиялық құбырларға гидравликалық есептеулер және қажетті құрал - жабдықтар таңдалды. Сонымен, техника қауіпсіздігі еңбекті қорғау жағдайын және жақсартудың инженерлік есептері келтірілген.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте системы теплоснабжения и газоснабжения проектируемого в городе Туркистан. В проекте города Туркистан «снабжено тепловыми сетями и природным газом», для региона Северо - Запада социально – решает технические вопросы. Были выбраны системы теплоснабжения и газоснабжения района города Туркистан, а также потребителей, использующих часовые расходы теплоты и газа определены.

Произведен гидравлический расчет тепловых и газовых сетей среднего, высокого и низкого давления. Описаны мероприятия по охране труда и технике безопасности при выполнении строительно-монтажных работ.

ABSTRACT

In this thesis project the projected gas supply system in the city of Turkistan. The project of Turkistan city "is equipped with heating networks and natural gas" for the region of North - Western socio - solve technical issues. We chose the heating system and system of gas supply area of the city, as well as consumers using gas hourly costs are determined.

Determine the annual, hourly cost of the heating system and gas consumers, the choice is made the heating system and gas supply system. Produced by hydraulic calculation of the heating system and gas networks of medium, high and low pressure.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлімі	8
1.1 Жылу ағымдарын анықтау	8
1.2 Жылдық жылу жүктемелері	10
1.3 Жылытуға жылу беруді реттеу	10
1.4 Жылу желілерінің есепті су шығындары	12
1.5 Жылу құбырларының гидравликалық есебі	13
1.6 Жылу желілерінің пьезометрлік графигі	13
1.7 Жылу көзінің сорғыштары	14
1.8 Тұрғындардың санын есептеу және қалаға сипаттама	15
1.9 Газды жылдық тұтыну	16
1.10 Төменгі және орташа қысымды газды тұтынушылар үшін газдың сағаттық шығындарының максималды есебін анықтау	17
1.11 Газбен жабдықтау жүйесі. Төменгі және жоғары қысымды газ құбыры тораптарының сұлбесін таңдау және ГТП санын анықтау	18
1.12 Газ құбырларының гидравликалық есебі. Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі	20
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологисының бөлімі	23
2.1 Жоғары қысымды жылу желілерімен, газ құбырларын төсеу және монтаждау жұмыстарының өндірісін жобалау	23
2.2 Дайындық жұмыстары	23
2.3 Жер жұмыстары	24
2.4 Монтаждық жұмыстар	25
2.5 Қор қажеттіліктерінің есебі мен құрылыс бас жобасы	28
2.6 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	28
3 Экономика бөлімі	30
3.1 Жоғары және төменгі қысымды сақиналы тораптың газбен жабдықтау жүйесінің екі нұсқасы	30
ҚОРЫТЫНДЫ	31
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	32
ҚОСЫМШАЛАР	33

КІРІСПЕ

«Түркістан қаласының жылу және газ желілері» жобасында аймақ үшін социалды –техникалық мәселелерді шешеді. Жылытуды және экологиялық таза табиғи газды пайдалану барысында өндірісті және жылу-энерго көздерін коммуналды-тұрмыстық секторларды жылумен және газбен жабдықтайды.

Ғылыми және техникалық мәселелер диапазонында жылытумен және газ шаруашылығы металлургиядан басталып жылу желілері және газ құбырлары үшін құбыр металдары, теориялық және тәжірибелік экономикалық тиімді конструкция және тиімді өңдеу кезіндегі жылу масса алмасу таңдалады. Тұрғын секторларды жылытумен және газбен жабдықтау жобасын орындауда басқа да жанар майларды тиімді пайдалану барысында сенімді және қауіпсіз болуы ескеріледі.

Берілген дипломдық жобада Түркістан қаласының Солтүстік - Батыс ауданын жылу қамтумен және табиғи газбен жабдықтаудың төменгі және орташа қысымды тораптан тұратын жүйесі қабылданған.

Қаланың жылдық жылытумен және газ тұтынуы, соның ішінде тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарды желдетумен, және ыстық сумен жабдықтау есептелінген. Жоғары және төмен қысымды сақиналы торапты жылытумен және газбен жабдықтау жүйесінің екі нұсқасы технико-экономикалық салыстырылған.

Жобада ДЕ10-14ГМ қазанның қазандыққа орнатылуындағы жылу желілері және газ құбырларының гидравликалық есебі келтірілген.

Жобада өндіріс жұмыстары кезіндегі жоғары қысымды құбырларын төсеу мен жинақтау жұмыстары жасалынған. Жер асты жылыту және газ құбырларын пайдалану мен төсеу кезіндегі қауіпсіз жұмыстарға талдау келтірілді. Техника қауіпсіздігі еңбекті қорғау жағдайын жақсартудың инженерлік есептеулері келтірілген.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жылу ағымдарын анықтау

Қалалар мен елді мекендерді орталықтандырылған жылумен қамту жүйесі кезекті үш сатыдан тұрады: жылутасмалдағышты дайындау, тасымалдау және пайдалану. Жылу көзінде дайындалған жылутасмалдағыш жылу желілері арқылы тұтынушыларға жеткізіледі. Жылутасмалдағышты тікелей тұтынушы коммуналды-тұрмыстық және өндірістік тұтынушылардың жылыту, желдету және ыстық сумен қамту жүйелері мен өндірістік кәсіпорындарының технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланылады.

Жылуды пайдаланатын тұтынушылардың әртүрлі тұтыну сипаттары бар. Жылу тұтыну сипаттары бойынша жылу жүктемелерін екі топқа бөледі: маусымдық және жыл бойындағы. Жоба болмаған жағдайда қалалардың тұрғын аудандары мен өзге де тұрғын аймақтары үшін жылыту, желдету мен ыстық сумен қамтудың жылу ағымдарын үлкейтілген көрсеткіштер бойынша тұрғындардың саны (m) мен құрылыстың жалпы ауданына (A) байланысты анықталуы мүмкін.

Қалалардың жылумен қамту жүйелерін жобалау үшін тұрғын аудандарда орналасқан ғимараттардың жылыту, желдету және ыстық су жүйелерінің жылу ағымдары анықталады, ол үшін кварталдардағы тұрғындардың саны қажет.

Тұрғындардың саны төмендегідей анықталады:

$$m=15,6 \cdot 240=3744.$$

Ауданның ғимараттарының салынған жалпы ауданы келесі өрнекпен анықталады:

$$A=3744 \cdot 18=67392 \text{ м}^2,$$

f - 18 м²/адам қабылданады.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылытуға максималды ағымы мына өрнекпен анықталады:

$$Q_o=75 \cdot 67392(1+0,25)=6318000 \text{ Вт} = 6,318.$$

Жаңа типті жоба ғимараттарының салынған жылын және қабатын ескере отырып, сондай-ақ жобаланып отырған қаланың сыртқы ауасының температурасына (минус 25⁰С) байланысты қабылданады – 75Вт/м²; k_1 –0,25 қабылданады.

Қоғамдық ғимараттарды желдету үшін максималды жылу ағымы:

$$Q_v=75 \cdot 67392 \cdot 0,25 \cdot 0,6=758160 \text{ Вт} = 0,758 \text{ МВт}.$$

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамтуға орташа жылу ағымы:

$$Q_{hm}=332\cdot 3744=1243008 \text{ Вт}=1,243 \text{ МВт.}$$

Жылытылмайтын маусымында ыстық сумен қамтуға орташа жылу ағымы келесі өрнекпен табылады:

$$Q_{hm}^s = 1,243 \cdot \frac{55-15}{55-5} \cdot 1 = 0,9944 \text{ МВт,}$$

мұндағы t_c – салқын судың жылытылатын кездегі температурасы, 5°C ;

t_c^s – жылытылмайтын кездегі температурасы, 15°C ;

β – жылытылмайтын мерзімде ыстық сумен қамтудың жылу ағымы жылытылатын мерзімде өзгеруін ескеретін коэффициент, қабылданады қалаға байланысты $\beta=1$.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамту үшін максималды жылу ағымы мына өрнектермен анықталады:

- жылытылатын маусымында:

$$Q_{hmax}=2,4\cdot 0,9944=2,386 \text{ МВт,}$$

- жылытылмайтын маусымында:

$$Q_{hmax}=2,4\cdot Q_{hm} \text{ Вт,}$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен қамтуға кететін жылу энергиясын тұтынуды сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Жинақтық есептік жылу ағыны мына өрнекпен анықталады:

$$\sum Q=6,318+0,758+1,243=8,319 \text{ МВт.}$$

Жылу ағындарының есептеу нәтижелері А.1-кестеде келтірілген.

Ағымды сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарының есептеу нәтижесі А.2-кестеде көрсетілген.

Жылытылатын мерзімде сыртқы ауа температураларының қайталану ұзақтылығы А.3-кестеде көрсетілген.

Сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындары. Жылытылатын мерзімде сыртқы ауа температураларының қайталану ұзақтылығы А.1 – сурет ретінде көрсетілген.

1.2 Жылдық жылу жүктемелері

Қалалар мен өзге де елді мекендер үшін қоғамдық және тұрғын ғимараттарындағы жылудың жылдық шығыны төмендегідей анықталады:

1) Жылытуға:

$$Q_o^{\text{ж}} = 86,4 \cdot 35,82 \cdot 148 = 458037,504 = 0,458\text{Т},$$

$$Q_{\text{от}} = Q'_o \cdot \frac{t_i - t_{\text{ом}}}{t_i - t'_o} = 73,09 \cdot 0,49 = 35,82.$$

2) Желдетуге:

$$Q_{\text{vm}}^{\text{ж}} = Q_{\text{vm}} \cdot Z \cdot 3600 \cdot n_0 = 2,6 \cdot 4,312 \cdot 3,6 \cdot 148 = 0,0597\text{МВт},$$

$$Q_{\text{vm}} = Q'_v \cdot \frac{t_i - t_{\text{ом}}}{t_i - t'_o} = 8,8 \cdot 0,49 = 4,312.$$

3) Ыстық сумен қамтуға:

$$Q_h^{\text{ж}} = 86,4 \cdot [14,4 \cdot 148 + 11,5 \cdot (350 - 148)] = 0,384 \text{ МВт}.$$

4) Жалпы жылдық жылу шығыны төмендегідей анықталады:

$$\Sigma Q = Q_o^{\text{ж}} + Q_v^{\text{ж}} + Q_h^{\text{ж}} = 0,458 + 0,0597 + 0,384 = 0,902 \text{ МВт}.$$

1.3 Жылытуға жылу беруді реттеу

Тұрғын, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттардың жылу жүктемелері тұрақты емес, уақыт бойынша өзгерудің өз заңдылықтары бар. Маусымдық жылу жүктемелері – жылыту, желдету мен ауа баптау негізінен сыртқы ауа температурасының өзгеруіне байланысты және тәулік ішінде өзгеруімен де сипатталады.

Орталықтандырылған жылумен қамту жүйесінде жылу жіберуді реттеу ЖЭО-да немесе аудан қазандықтарында жүзеге асатын орталық, ОЖП-да топтық, ЖЖП-да жергілікті және ЖЖО-дағы құралдардан тікелей жылу тұтынатын жеке болып бөлінеді. Мұндай сатылық реттеу кезінде жылудың ең жақсы сапасы қамтамасыз етіледі.

Орталық, топтық, жергілікті және жеке реттеудің үйлесімділігі сипаты бойынша әртүрлі жылу жүктемелерін бір жылу құбырымен қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Орталық сапасын реттеу кезінде жылумен қамту жүйелерінде тұрғын-коммуналдық сектордың жылу жүктемесі басым болса (65%-дан аса), біріккен жылыту және ыстық сумен қамту жүктемелері

бойынша реттеу жүргізу керек. Тұрғынкоммуналдық сектордың жинақтық жылу жүктемесі 65%-дан кем емес, ал ыстық сумен қамту жүктемесі жылытудың есептік жүктемесінен 15%-дан кем болмауы тиіс - реттеу жылыту жүктемесі бойынша жүргізіледі.

Жылу жіберудің орталық сапалы реттеуі жылыту жүктемесінің сипаты бойынша жүзеге асады. Жылу қыздырғыштардың жылу сипаттамасының теориясы негізінде төменгі өрнектер арқылы жылу тасымалдағыштың есептік температуралары анықталады:

- жылу желісінің беретін құбырында:

$$\tau_{o1}=18+(82.5-18)\cdot 0.932^{0.75}+(150-82.5)\cdot 0.932=142,056\text{ }^{\circ}\text{C},$$

$$\tau_{\text{жа}}=\frac{(95+70)}{2}=82.5\text{ }^{\circ}\text{C},$$

$$\tau_{o3}=142,056-(150-95)\cdot 0.932=90,796\text{ }^{\circ}\text{C};$$

- жылыту желісінің қайтатын құбырында:

$$\tau_{o2}=142,056-(150-70)\cdot 0.932=67,496\text{ }^{\circ}\text{C},$$

$$\tau'_{o1}=150\text{ }^{\circ}\text{C},$$

$$\tau'_{o3}=95\text{ }^{\circ}\text{C},$$

$$\tau'_{o2}=70\text{ }^{\circ}\text{C}.$$

Жылыту жүйесіне жылу жілісінен келетін судың шығыны анықталады:

$$G_o = \frac{68,125}{4.189(142,056-67,496)} = 0,218\text{ кг/с},$$

$$c=4.189\text{ кДж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}.$$

Жылытуға жылу жіберуді реттеу екі диапазонды болады. Жылу желісіндегі судың температуралары тұрақты болған жағдайда ($8^{\circ}\text{C}\div t''_H$) диапазон аралығында жергілікті санды реттеу (ЖСР), ал ($t''_H\div t'_o$). диапазон аралығында орталық сапалы реттеу (ОСР) өткізіледі.

Ашық жылумен қамту жүйесінің беретін құбырындағы судың минималды температурасы 60°C -қа тең, сондықтан жылытулық температуралық графигінде сынық пайда болады, оған сәйкес сыртқы ауа температурасы сынық нүктесі (t''_H) деп қабылданады.

Жылытуға жылу беруді реттеудің есептеу нәтижелері А.4 - кестеде келтіріледі.

1.4 Жылу желілерінің есепті су шығындары

Желілік су шығындары жылу желілерінің жылытылатын және жылытылмайтын мерзімдері үшін анықталады. Ашық жылумен қамту жүйелерінде, құбырлардан максималды су тарату тәртібінде желілік су шығыны анықталады.

Жылытылатын мерзімдегі есептік су шығыны келесі өрнекпен анықталады:

$$G_d = 18,853 + 2,262 + 0,5,395 = 21,115 \text{ кг/с.}$$

Егер $\rho > 0.15$ болса, $k_3 = 0$. Егер $\rho \leq 0.15$ болса, k_3 арнайы кестеден алынады. $\rho = 0.12 > 0.15$ болғандықтан, $k_3 = 0$ қабылданады.

$$G_o = \frac{6,318 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 18,85 \text{ кг/с,}$$

$$G_v = \frac{0,758 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 2,262 \text{ кг/с,}$$

$$\tau'_{v1} = \tau'_{o1},$$

$$\tau'_{v2} = \tau'_{o2},$$

$$G_{hm} = \frac{1,243 \cdot 10^3}{4,189(60-5)} = 5,395 \text{ кг/с,}$$

$t_h - 60 \text{ }^\circ\text{C}$ -қа тең,

$t_c - 5 \text{ }^\circ\text{C}$ -қа тең.

Жылытылатын мерзімдегі есептік су шығыны келесі өрнекпен анықталады:

$$G_{d1}^s = 1 \cdot 12,948 = 12,948 \text{ кг/с,}$$

мұндағы β - жылытылмайтын мерзімде ыстық сумен қамтудың жылу ағымы жылытылатын мерзімде өзгеруін ескеретін коэффициент, қабылданады қалаға байланысты $\beta=1$.

$$G_{hmax} = 2.4 \cdot 5,395 = 12,948 \text{ кг/с,}$$

$$G_{d2}^s = 0.1 \cdot 12,948 = 1,2948 \text{ кг/с.}$$

Есепті су шығындарының есептеу нәтижелері А.5 - кестеге енгізілді.

1.5 Жылу құбырларының гидравликалық есебі

Жылумен қамту жүйелерін жобалауда сулы жылу желілері құбырларының гидравликалық есебі ең қажетті саты болып табылады. Бұл есепті өткізу үшін жылу көзінің орны, жылу желілерінің бағыты мен сұлбалары таңдалады, тұтынушылардың жылу жүктемелері мен желілік судың есептік шығындары анықталады. Сулы жылу желілерінің гидравликалық есебі болат құбырларындағы су қозғалысында қолданатын сұйықтық механиканың негізінде қарастырылады. Бұл желілерде беретін құбырларындағы судың температурасы $60\div 150^{\circ}\text{C}$, ал қайтатын құбырларында $30\div 70^{\circ}\text{C}$ өлшемде өзгертін болады. Гидравликалық есеп орындау кезінде үйкелістегі орташа меншікті қысым жоғалуының келесі мәндері ұсынылады:

- есепті бас магистраль учаскелері үшін 80 Па/м-ге дейін;
- тарамдар учаскелерінде жайғасқан қысымның өзгерісі бойынша, бірақ 300 Па/м-ден аспауы керек.

Арын жоғалуы келесі өрнекпен табылады:

$$\Delta H = \frac{48067,5}{9,81} = 53,2 \text{ м.су.б.}$$

ЖК16-ЖК17 учаскісінің су шығыыны $G_d = 28,587 \text{ кг/с}$, ұзындығы $l = 750 \text{ м}$, түзету коэффициенті $\alpha = 0.3$.

$$l_{\text{кел}} = 750 + 0,3 \cdot 750 = 750 + 225 = 975 \text{ м.}$$

Шартты құбыр диаметрі арнайы кестеден қабылданады: $D_n \times S = 219 \times 6$, су жылдамдығы $q = 0,93 \text{ м/с}$, меншікті қысым жоғалуы $R = 49,3 \text{ Па/м}$.

$$\Delta P = 49,3 \cdot 975 = 48067,5 \text{ Па.}$$

Жылу құбырларының гидравликалық есептеу нәтижелері А.6 - кестеге енгізіледі.

1.6 Жылу желілерінің пьезометрлік графигі

Жылумен қамту жүйелері тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етіп, олардың арасында желілік судың есептік шығынын бөліп үлестіреді. Мұндай бөлуді жүргізу үшін жылумен қамту жүйелерінің гидравликалық тәртібін әзірлеу қажет, жүйенің барлық элементтеріндегі тиімді қысым арқылы тұтынушыларға есепті су шығынын беру және жылу желілерінің түйін нүктелерінде, топтық және жергілікті жылу пунктерінде қажетті жайғасқан қысыммен қамтамасыз ету. Жайғасқан қысым деп беретін және қайтатын құбырлардағы су қысымының айырылымын атайды.

Пьезометрлік график құрастыруда жылумен қамту жүйесінің жұмыс беріктілігін қамтамасыз ету үшін келесі шарттар қойылады:

- жылу көзіндегі жылу дайындайтын қондырғылары үшін 1,6÷2,5 мПа, жылу желілерінің болат құбырлары мен арматуралары, абоненттік қондырғылар мен секциялы суқыздырғыштар үшін 1,0 мПа, болат конветорлар үшін 0,8÷1,0 мПа; калориферлер үшін 0,8 мПа; шойын радиаторлар үшін 0,6 мПа рұқсат етілген қысымдардан аспауы тиіс;

- сорғыштарды кавитациядан және жылумен қамту жүйелерінде ауа сорудан сақтау үшін жүйелердің барлық элементтерін артық қысыммен қамтамасыз ету. Артық қысымның минималды мәні - 0,05 мПа. Сондықтан қайтатын құбырдың пьезометрикалық сызығы барлық тәртіптерде ең биік ғимараттың су желілерінен кем дегенде, 5 м жоғары орналасуы тиіс;

- жылу желілерінің барлық нүктелерінде судың қайналуын қамтамасыз етіп, судың максималды температурасында қанық су қысымынан асатын қысым болуы керек. Судың қайнау қаупі жылу желілерінің ең жақын беретін құбырларында туындайды, сондықтан беретін құбырдағы минималды қайнатпайтын арын желілік судың есептік температурасына байланысты.

Желілік судың артық арын көрсеткіштің нәтижелері А.7 - кестеде көрсетілген.

1.7 Жылу көзінің сорғыштары

Орталықтандырылған жылумен қамту жүйелерінің жылу көзінде тағайындалуы әртүрлі сорғыштар қарастырылады. Толтырғыш сорғыш жылу желісінің гидростатикалық тәртібін қажетті деңгейде ұстайды және гидродинамикалық тәртіпте есепті су шығындарын қамтамасыз етеді. Желілік сорғыш гидродинамикалық тәртіпте тұтынушыларға есепті су шығындарын тасымалдайды. Сорғыштарды таңдау үшін олардың екі көрсеткіштері, яғни өнімділігі мен арыны қажет.

Желілік сорғыштар ретінде СЭ, СД немесе Д (жылутасымалдағыштың температурасы 100°C-тан жоғары және арынның өте үлкен көрсеткішінде) маркалары қолданылады, орнатуға минималды саны екі дана, біреуі қосалқы.

Толтырғыш сорғыштың арыны пьезометрлік графиктен максималды арынымен қабылданады, негізінде статикалық тәртіптегі арынмен анықталады.

Толтырғыш сорғыш ретінде К, КМ маркалы сорғыштар қабылданады, орнатуға минималды саны ашық жүйеде үш дана, біреуі қосалқы.

Есептеулер:

Желілік сорғыш:

$$G_{\text{жс}} = 3,6 \cdot 480,37 = 1729,332 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$H_{\text{жс}} = 23,4 + 20,2 + 23,4 + 8 = 67 \text{ м}.$$

Қабылдаймыз: сорғыш СЭ1250-70

1) Су шығыны – 1250 м³/сағ;

2) Арыны – 70 м;

3) ПӘК – 82%;

4) Электрқозғаушы – А3-400L-4.

Саны: $4801,579 : 1250 = 4$ дана. Орнатуға 5 сорғыш (4 жұмыстық, 1 резервтік).

Толтырғыш сорғыш:

$$V_{\text{жж}} = 536,097 \cdot 20 = 10721,94 \text{ м}^3,$$

$$V_0 = 399,084 \cdot 25 = 9977,1 \text{ м}^3,$$

$$V_v = 47,89 \cdot 1,5 = 71,835 \text{ м}^3,$$

$$V_h = 89,123 \cdot 5 = 445,615 \text{ м}^3,$$

$$G_{\text{ТС}} = 0,0075 \cdot (10721,94 + 9977,1 + 71,835 + 445,615) + 3,6 \cdot 89,123 = \\ = 479,966 \text{ м}^3/\text{сағ} ,$$

$$H_{\text{ТС}} = 55 \text{ м.}$$

Қабылдаймыз: сорғыш Д320-70

1) Су шығыны – 320 м³/сағ;

2) Арыны – 70 м.

Саны: $\frac{479,966}{320} = 1,5 = 2$ дана. Орнатуға 3 сорғыш (2 жұмыстық, 1 резервтік).

1.8 Тұрғындардың санын есептеу және қалаға сипаттама

Климаты континенталды, қолайлы. Сыртқы ауаның температурасы қыста минус 20,6°С, орташа жылу минус 1,6°С, жылу кезеңінің ұзақтығы 168 күнге созылады.

Топырақтың құрамы құммен, саздың ірі бөліктерімен берілген.

Берілген дипломдық жобада Түркістан қаласының Солтүстік - Батыс ауданын табиғи газбен жабдықтаудың 2 сатылы жүйесі қабылданған. Қаланың тұрғын үйлері тұрғындардың тығыздығы 200 адамдық көп этажды тұрғын және қоғамдық ғимараттардан тұрады. Қалада жинақталған газ тұтынушы нан зауыттары, ірі коммуналды тұтынушылар, қоғамдық азықтану кәсіпорындары, өндірістік кәсіпорындар, жылыту қазандықтары, денсаулық сақтау орындары бар.

Қаланың газ тұтыну қабілеттілігі 36722 кДж/м^3 болса оның тығыздығы $0,82 \text{ кг/м}^3$ болады.

Қала ішіндегі газды беру ГБТ жүйесінен шығу қысымы $P = 0,3 \text{ МПа}$ жүргізіледі.

Жоғары қысымды газ құбырлары бірсақиналы тұйықталған тармақтары бар тұтынушыларға бағытталып жобаланады.

Төменгі қысымды газ құбырлары негізгі, сақиналы және тұйықталған (бөлімдерден) квартал ішіндегі 4-х ГБТ арқылы жобаланған. Ауданды ДЕ 25-14 ГМ маркалы қазандықпен газдандырады және осы қазандықтандықтарды автоматтандырады. Ыстық сумен қамтуға кететін жылу ағындары мен газ шығындарының жылдық және есептік анықталуы кварталдардағы тұрғындардың санына байланысты есептелінеді.

Жылдық газ шығынын есептеу үшін қаланың жалпы ауданы бойынша анықталған жылыту, желдету мекемесінің жылу ағындары келесі теңдеулермен анықталады.

Тұрғын ғимараттар ауданы төменгі теңдеу арқылы анықталады.

$$F_{ж} = 119860 \cdot 18 = 2157480 \text{ м}^2$$

Қаланың жалпы тұрғын ауданы төменгі теңдеу арқылы есептелінеді:

$$A = 1,5 \cdot 2157480 = 3236220 \text{ а}$$

Тұрғындардың санын анықтау есептің нәтижесі А.8 - кестеде көрсетілген.

1.9 Газды жылдық тұтыну

Газбен жабдықтау жобасын құру қаланың жылдық газ тұтынуының негізі болып саналады. Жылдық газ тұтыну есебі МҚН 4.03-01.-2003. «Газ тарату жүйелері» арқылы жасалынады.

Тұрмыстық коммуналдық және қоғамдық қажеттілікті өтеуге кететін газ шығынын есептеу күрделі мәселе болып табылады, себебі тұрғын тұтынушылардың шығындайтын газ мөлшері бірнеше факторларға байланысты болады. Олардың қалалық мекемелер мен өндірістердің халыққа қызмет ету дәрежесі, тұтынушыларды орталықтандырылған ыстық сумен қамту және климаттық жағдайлар.

Көп жылдық тәжірибе нәтижесінде жасалынған көптеген факторлар нақты талдау бермейді, өйткені газ тұтыну орташа мөлшермен есептелінеді.

Тұрғын үйлерге, тұрғындарды тұрмыстық қамтамасыз ету мекемелеріне, қоғамдық тамақтандыру орындарына, кондитерлік өнімдер мен

нан өндіретін кәсіпорындарға, сонымен қатар денсаулық сақтау орындары үшін газдың жылдық шығынын жылу мөлшерінің шығынымен анықтайды.

Жылу ағынының анықталуының нәтижесі А.9 - кестеде көрсетілген.

Қаланың жылдық газ тұтынушының есептеу нәтижесі А.10 - кестеде көрсетілген.

1.10 Төменгі және орташа қысымды газды тұтынушылар үшін газдың сағаттық шығындарының максималды есебін анықтау

Газбен жабдықтау жергілікті газ тораптарын жобалау үшін барлық газ тұтынушыларды газ пайдалану қысымына байланысты топтастырған және газдың максималды есептік сағаттық шығындарын анықтайды, әр топ үшін жеке жүргізу керек.

Шағын қалалар үшін тұтынушылар былайша бөлінеді:

- төменгі қысымды газды тұтынушылар;
- орташа қысымды газды тұтынушылар.

Шағын қысымды газды тұтынушыларға мыналар жатады;

- тұрғын үйлер;
- денсаулық сақтау орындары;
- шағын тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері;
- шағын жлыту қондырғылары
- Осы тұтынушылар үшін газдың максималды сағаттық шығыны төменгі

теңдеу бойынша анықталады:

$$Q_{dc.y.d}^h = k_{max}^h \cdot (Q_{уж.з.} + Q_{уу.з.} + Q_{ум.п.б.о.} + Q_{ум.о.у.}), \text{ нм}^3 / \text{са} \quad (1)$$

мұндағы $Q_{дснд}^h$ – төменгі қысымды газды тұтынушылардың максималды сағаттық шығындарының есебі, $\text{нм}^3/\text{сағ}$; төменгі қысымды торап тұтынушылары үшін газдың максималды сағат шығынының есебі;

k_{max}^h – максимум сағат коэффициенті (жылдық шығыннан максималды газдың сағат шығынына өту коэффициенті).

Максимум сағат коэффициенті былайша өрнектеледі:

$$k_{max}^h = \frac{1}{m}, \quad (2)$$

мұндағы m – максимум пайдаланудың сағат саны.

ГТП санын анықтауының нәтижесі А.11 - кестеде көрсетілген.

Орташа қысымды газды тұтынушыларға мыналар жатады:

- қоғамдық тамақтану мекемелері;
- ірі коммуналды мекемелер (кір жуатын орындар, монша);
- кондитерлік өнімдер мен нан өндіретін кәсіпорындар;

- өндірістік кәсіпорындар;
- аймақтық қазандықтар.

Газ шығындарының сағаттық есебінің нәтижесі А.12 - кестеде көрсетілген.

1.11 Газбен жабдықтау жүйесі. Төменгі және жоғары қысымды газ құбыры тораптарының сұлбесін таңдау және ГТП санын анықтау

240 000 тұрғындық Түркістан қаласының Солтүстік - Батыс ауданын табиғи газбен жабдықтау жүйесін жобалау барысында төменгі және жоғары қысымды (0,6 МПа - дейін) газ құбырларындағы газды бөлу барысында екі сатылы газбен жабдықтау жүйесін қабылдаймыз.

ГТС қаланы табиғи газбен қамтамасыз етеді, оның жылу бөлу қабілеттілігі $Q_{\text{H}}^{\text{P}} = 36722 \text{ кДж/м}^3$, газдың тығыздығы $\rho = 0,73 \text{ кг/м}^3$.

Ауданның жобасы тегіс орналасқан. Өндірістік кәсіпорын сипаттары ГТП, нан зауыттары және өндірістік кәсіпорындар қалаға жақын жерде орналасқан. Қалада және қала маңында жасыл өлкелер орын тепкен.

Осыған орай коммуналды-тұрмыстық өндірістік мекеме және нан зауытына берілетін орташа қысымды газды пайдалануды жұмыс жасаудың үздіксіздігі мен сенімділігі үшін сақиналаған дұрыс.

$P=0,003$ МПа төменгі қысымды газ өндірістік емес бағыттағы коммуналды –тұрмыстық мекемелер үшін кварталдардың ішіне салынған газ тарату пунктiнен берiледi.

Берілген дипломдық жобада жоғары ($P = 0,6$ МПа) және төменгі ($P = 0,005$) МПа қысымды екі сатылы газбен жабдықтау жүйесі таңдалған.

Қалада әр-түрлі қысымды газды қажет ететін тұтынушылар жоқ. Сондықтан да орташа қысымды газ қалалық газ құбырлары арқылы тұтынушыларға бірден барады. ГТП арқылы газ тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, шағын жылыту қондырғыларына, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріне таратылады.

Газ реттегіш пункттер жеке тұрған жер асты бөлмелерінде орналасады. Бұл жөндеу жұмыстарын өткізу мен қамту жағдайын қамтамасыз етеді. ГТП санын технико-экономикалық есеппен анықталады.

1ГТП –ның әсер ету аймағы келесі ГТП-ның әсер ету аймағына кедергі келтірмеу керек.

ГТП санын төменгі қысымды тораптың 1ГТП-ның жылыту жүктемелер қосындысының қатынасынан анықтайды:

$$n = \frac{Q_{\text{дс.н.д.}}}{Q_{\text{онм}}}, \text{ дана} \quad (3)$$

мұндағы $Q_{\text{тиімді}}$ – 1ГТП-ның тиімділік жүктемесі, нм³/сағ.

1ГТП-ның тиімділік жүктемесі келесі теңдеу бойынша анықталады:

$$Q_{\text{тиім}} = m \cdot e \cdot 2R_{\text{тиім}}^2 \cdot 10^{-4}, \text{ нм}^3 / \text{сағ} \quad (4)$$

мұндағы m – тұрғындардың тығыздығы, адам/га;
 e – 1 адамға шаққандағы салыстырмалы сағаттық газ шығыны, $\text{нм}^3/\text{сағ}$ адам;

$R_{\text{тиім}}$ – 1 ГТП-ның тиімді әсер ету радиусы ($2R_{\text{тиім}}^2$ – ГТП-ның әсер ету аймағының ауданы).

Салыстырмалы сағаттық газ шығыны теңдеу бойынша анықталады:

$$e = \frac{Q_{\text{д.с.н.д.}}^h}{N}, \text{ нм}^3 / \text{сағ} / \text{адам} \quad (5)$$

ГТП-ның тиімді әсер ету радиусы теңдеу бойынша анықталады:

$$R_{\text{тиім}} = \frac{P^{0,388} \cdot \Delta P_c^{0,081}}{\varphi_1^{0,245} \cdot (m \cdot e)^{0,143}} \cdot 6.,5, \text{ м} \quad (6)$$

мұндағы P – 1 ГТП-ның құны, мың теңге (тапсырма бойынша $P=8000$ у.е.);
 ΔP_c – төменгі қысымды тораптың қысым өзгерісінің есебі, Па
 $(\Delta P_c = 0,5P_0,$

P_0 – түтікше алдындағы номиналды газ қысымы, Па);

φ_1 – төменгі қысымды тораптың тығыздық коэффициенті, 1/м.

Газдандырылған ауданның газ тораптарының жалпы ұзындықтары мен торап тығыздығы қатынасының коэффициенті:

$$\varphi_1 = 0,0075 + 0,003 \cdot \frac{m}{100}, 1/ \text{ м} \quad (7)$$

ГТП санын анықтаудың есеп қорытындысы А.13 - кестеде келтірілген.

Таңдалған төмен қысымды торап негізгі сақиналы және тұйықталған (таратылған) газ құбырларынан тұрады. Төменгі қысымды торапты тарту қаланың бас жобасында есеп бойынша анықталған газ реттеу пункттерінен басталады. Қала аймағы 6 газдалған ауданға бөлінеді, мұндағы 1 ГТП әсер ету аймағы басқа әсер ету аймағына кедергі келтірмейді. Сонымен қаланы газбен жабдықтау ГТС-нан тармақталған сақиналы газ құбырлары арқылы тұтынушыларға жеткізледі.

Бас жобадағы әр-түрлі санад салынған ГТП-ның екі нұсқасын технико-экономикалық салыстыру кезіндегі бес қондырғылы ГТП құны төрт қондырғылы ГТП құнынан қорытындысы төменірек болып шықты.

Орташа қысымды торап тармақталған 1 сақинадан тұрады.

1.12 Газ құбырларының гидравликалық есебі. Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебі

Гидравликалық есеп газбен жабдықтау жүйелерін таңдағаннан кейін орындалады.

Гидравликалық есептің негізгі мақсаты тұтынушыларды қажетті есептік газ шығындарымен қамтамасыз ету, газ құбырларының диаметрін сәйкесінше таңдау болып табылады.

Төменгі қысымды тораптың гидравликалық есебі неғұрлым көп қамтамасыз етілген ГТП тұтынушыларының есептік газ (тұрғын үйлер үшін $P_0=1300$ Па). Сонымен ГТП-дан ақырғы тұтынушыларға дейінгі тораптың қысым өзгерісінің есебі тең болады:

$$\Delta P = 0,7 \cdot P_0, \text{ Па} \quad (8)$$

Әрбір аймақ үшін максималды есептік газ шығыны бөлек есептеледі:

$$Q_{d \max}^h = e \cdot m \cdot F_i, \text{ нм}^3 / \text{сағ} \quad (9)$$

мұндағы e – бір адамға шаққандағы газ шығынының салыстырмалы көлемі, $\text{нм}^3 / \text{сағ}$ адам;

m – халық тығыздығы, адам/га;

F – аймақ ауданы, га.

Газдың қамтамасыз ететін 1 метр контурға максималды сағаттық шығыны газдың салыстырмалы жол-жөнекей шығыны деп аталады.

Жол - жөнекей газдың салыстырмалы шығыны төменгі теңдеу бойынша анықталады:

$$Q_{\text{т.им.}} = \frac{Q_{d \max}^h}{l_{\text{конт.}}}, \text{ нм}^3 / \text{сағ} \cdot \text{м} \quad (10)$$

мұндағы $l_{\text{конт}}$ – контурды қамтамасыз ету ұзындығы, м.

Барлық контурлық торапты қамтамасыз ету үшін жол-жөнекей газдың салыстырмалы және максималды сағаттық шығынының есептеу нәтижесі А.14 - кестеде көрсетілген.

Газдың жол-жөнекей және транзиттік шығындарын есептеу нәтижесі А.15 – кестеде көрсетілген.

Берілген жағдайдағы сәйкессіздік 0,01%-ды құрайды.

Төменгі қысымды тораптың орташа салыстырмалы қысым жоғалу көлемін табамыз:

$$\left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{\text{op}} = \frac{0,5 \cdot P_0}{1,1 \cdot \Sigma l}, \quad (11)$$

мұндағы 1,1 - 10%-ды құрайтын үйкеліс жоғалу мен жергілікті кедергілердегі қысым жоғалуды ескеретін коэффициент;

P_0 – түтікше алдындағы номиналды газ қысымы, Па;

Σl – ГРП –дан аспапқа дейінгі алынған газ құбырларының учасок қзындығының қосындысы, м.

$$1) \quad \left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0.5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1162 + 324 + 100 + 350)} = 0,5 \text{ Па/м}$$

$$\left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0.5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1162 + 400 + 102)} = 0,8 \text{ Па/м}$$

$$2) \quad \left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0.5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1200 + 324 + 1300)} = 0,7 \text{ Па/м}$$

$$\left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0,5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1162 + 350 + 375)} = 0,8 \text{ Па/м}$$

$$3) \quad \left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0,5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1162 + 350 + 375)} = 0,7 \text{ Па/м}$$

$$\left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{op} = \frac{0,5 \cdot 1300}{1.1 \cdot (1162 + 350 + 162)} = 0,8 \text{ Па/м}$$

Участоктағы қысым жоғалу мына теңдеу бойынша анықталады:

$$\Delta P_{уч} = \left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{\phi} \cdot l_{уч}, \text{ Па} \quad (12)$$

Учаскедегі меншікті кедергілерді ескергендегі қысым жоғалуын мына теңдеу бойынша анықтайды:

$$\Delta P = \Delta P_{уч} \cdot 1,1, \text{ Па} \quad (13)$$

Газ тасқынын алдын-ала таратуда учаскелерде сәйкессіздік болуы мүмкін. Сәйкессіздік мәні бойынша сақинадағы қателік анықталады:

$$\Delta = \frac{\Sigma \Delta P}{0,5 \cdot \Sigma |\Delta P|} \cdot 100\% \quad (14)$$

мұндағы $\Sigma \Delta P$ и $\Sigma |\Delta P|$ - сәйкесінше сақина учаскелеріндегі қысым жоғалудың алгебралық және абсолюттік қосындысы.

Сақинадағы қателік 10%-дан аспауы керек.

Төменгі қысымды сақиналы тораптың гидравликалық есебінің нәтижесі А.16 – кестеде көрсетілген.

Сақинадағы қателік 10%-дан жоғарыламайды, төмен қысымды сақиналы торап гидравликалық қиыстыру болып саналады.

Әрбір тұйықталған участок үшін қысымның өзгеру көлемін орналастыру төменгі теңдеу бойынша есептеледі:

$$\Delta P_{m,yч} = \Delta P_c - \sum \Delta P_{m,yч}, Pa \quad (15)$$

мұндағы $\sum \Delta P_{T,yч}$ – ГТП- тен қарастырылған тұйықтыққа дейінгі бөлімнің жолдағы қысым жоғалу қосындысы, Па;

ΔP_c – торптағы қысымның есептік өзгеруі, Па.

Тұйықталған бөлім үшін салыстырмалы қысым жоғалу көлемі төменгі теңдеу бойынша анықталады:

$$\left(\frac{\Delta P}{l} \right)_{m,yч} = \frac{\Delta P_{m,yч}}{l_{m,yч}}, Pa \quad (16)$$

мұндағы $l_{T,yч}$ – тұйықталған участок ұзындығы.

Тұйықталған бөлімнің қысым жоғалуы төменгі теңдеу бойынша анықталады:

$$\Delta P_{m,yч} = \left(\frac{\Delta P}{l} \right) \cdot l_{m,yч}, Pa \quad (17)$$

Тұйықталған участоктың гидравликалық есебінің қорытындысы А.17 - кестеде көрсетілген.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологисы

2.1 Жоғары қысымды жылу желілерімен, газ құбырларын төсеу және монтаждау жұмыстарының өндірісін жобалау

Жобалауға арналған берінділер:

- а) магистральдің созылуы (газ құбырлары) – 3725 м;
- б) құрылыс аймағында құм - саз;
- в) трассаны төсеу жағдайы - қалалық жағдайда;
- г) құбырлардың диаметрі - 325 = 3725 м; 600 = 900 м; 500 = 1490 м; 450 = 1400 м; 400 = 590 м; 350 = 880 м; 300 = 170 м; 250 = 1530 м; 200 = 4060 м; 150 = 3460 м; 100 = 870 м;
- д) бастапқы құрылыс;
- е) құрылыстың мөлшерлі уақыты 3 ай;
- ж) төсеу әдісі – жер асты;
- з) газ құбырлары дайын түйіндерден және бөлшектерден құралады;
- и) электр энергиясымен және сумен қамтамасыз ету қалаға тиісті энергиямен, сумен жабдықтау тораптарына байланысты жүргізіледі;
- к) Түркістан қаласының -құрылыс ауданы;
- л) сейсмикалық төзімділігі 9 балл;
- м) топырақты су деңгейі айқындалмаған.

2.2 Дайындық жұмыстары

Жұмысты бастар алдында ең алдымен қажетті мекемеден рұқсат алу керек.

Келісім жұмыс өндірісінің жағдайы мен уақытын көрсетеді.

Құрылыс жұмысының өндірісінің типтік жағдайлары келесі бөлімдермен бекітіледі:

а) құрылыс ауданының территориясын қалқандармен қоршалуын, қызыл түсті дабылды шамдарды орналастыруды, сол уақыттарда жұмыс орнынын жарықтандырумен қамтамасыз етіледі;

б) қалқанды қоршауда мекеменің аты, жауапты адамның аты –жөні болуы тиіс;

в) келіп түскен материалдар мен бұйымдардың мөлшерлі-техникалық құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру.

Газ құбырларының трассасын жобалау схемасын бөлу қосымшасын акт арқылы безендіреді. Актқа жобалық құрылыс мекемесінің өкілі немесе тапсырыс беруші қол қояды.

2.3 Жер жұмыстары

Жер жұмыстары көлемінің есебі теңдеу бойынша анықталады:

$$V = \frac{B + b}{2h \cdot l}, \quad (19)$$

мұндағы B – ордың үсті бойынша ені, м;

b – ордың түбі бойынша ені, м;

h – ордың тереңдігі, м;

l – ордың ұзындығы, м.

